«2017/2018 оқу жылының жазғы емтихан сессиясының, жазғы қосымша семестрдің қорытындылары туралы» мәселе бойынша 25.09.2018ж. №1 АЭжБУ Ғылыми кеңесінің

Қ А У Л Ы С Ы

ТО бастығы В.В.Неледваның хабарламасын тыңдап және талқылап, Ғылыми кеңес жазғы емтихан сессиясын тапсыруға жіберілген 1,2 және 3-курстың 2455 студентінің 2227-і оқу жоспарының барлық пәндері бойынша емтихан тапсырғанын, университет бойынша орташа үлгерім, жазғы қосымша семестрді есепке алмағанда, 91% болғанын атайды.

Жазғы семестрге қатысқан студенттердің саны 267 адамды құрады, олардың ішінен 253-і, яғни 95%-ы емтихан тапсырды.

2018 жылы бакалавриаттың 12 мамандығы бойынша 925 студент, сырттай оқу бөлімі бойынша 70 студент дипломдық жобаларын қорғады. 82 түлек үздік диплом алды.

Ғылыми кеңес **қаулы етеді:**

1. Ақпарат мәліметке алынсын.
2. **ЭЭЭТИ** және **БЖАТИ** директорлары емтихан қорытындысына толық талдау жүргізіп және алдағы уақытта білім алушылардың сапа көрсеткіштерін жақсарту шараларын әзірлесін.

Жауаптылар – ЭЭЭТИ, БЖАТИ директорлары.
Мерзімі: 15.10.2018 ж. дейін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау АҚ жөніндегі проректор С.В. Коньшинге жүктелсін.

Төрағаның м.а. **С. Коньшин**

Ғылыми хатшы **А. Бегимбетова**